

Қазақстан Республикасы
Президенті Әкімшілігі Басшысының
2009 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 01-30.47 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және
қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің
2010-2014 жылдарға арналған
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

Астана, 2009 жыл

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің миссиясы және пайымы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) миссиясы қаржы нарығының және қаржы ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және тұтас алғанда қаржы жүйесіне деген сенімділікті қолдау, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету, қаржы нарығында әділ бәсекелестікті қолдауға бағытталған қаржы ұйымдарының қызметі үшін тең жағдайлар жасау болып табылады.

Агенттіктің пайымы - тәуекелдердің ең аз деңгейімен және 2014 жылы қаржы ұйымдарының капиталдануын Еуропалық Одақтың дамушы және дамыған елдерінің деңгейіне жетуімен қаржы институттарының және қаржы нарығының орнықты және тұрақты даму перспективасы.

2. Ағымдағы жағдайды талдау

Банктер

Банк секторы елдің қаржы секторының ең ірі және басым сегменті болып қала береді. Еліміздің қаржы нарығында 38 банк жұмыс істейді. Екінші деңгейдегі банктердің активтері 01.12.2009 ж. жағдай бойынша ағымдағы жылдың он бір айында 2,8%-ға төмендеп, 11 558,8 млрд. теңгені құрады. Банктердің несиелік портфелі 2009 жыл басынан 6,4%-ға ұлғайып, 01.12.2009 ж. 9 839,5 млрд. теңгені құрады. Банк секторындағы резервілеу деңгейі кредиттік портфель бойынша күтілетін шығындарды жабу үшін кредиттер сапасы төмендеген сайын өсу үстінде. Банктердің несиелік портфелі бойынша қалыптастырылған провизиялары 2009 жылғы 11 айда 3,6 есе өсіп, 01.12.2009 ж. несиелік портфельдің 37,9%-ын құрады (01.01.2009 ж. – 11,1%).

Есепті кезеңде екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі – ЕДБ) міндеттемелері 21,0%-ға өсіп, 01.12.09 ж. жағдай бойынша 12 632,2 млрд. теңге құрады. ЕДБ міндеттемелерінің құрылымында басым бөлігін клиенттердің салымдары (46,7%) мен арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдарының салымдары (15,7%) алуда. Қазақстан Республикасының резидент еместері алдындағы міндеттемелер 01.12.09 ж. жағдай бойынша 4 414,2 млрд. теңге құрады, он бір айда олардың үлесі 44,9%-дан 34,9%-ға дейін төмендеді.

2009 жылғы 11 айда клиенттердің салымдары 28,7%-ға немесе 1 315,9 млрд. теңгеге өскені байқалды. Заңды тұлғалардың салымдары 31,3%-ға, жеке тұлғалардың салымдары - 23,3%-ға өсті, бұл республиканың банк секторына деген сенімділігінің сақталғанын куәландырады.

Бұл ретте банк секторының тұрақтылығына әсер ететін негізгі факторларының бірі **кредиттік портфельдің сапасы** болып қалады, ол нашарлау үстінде. Сөйтіп жұмыс істемейтін кредиттер ағымдағы жылғы 11 айда 4,7 есе өсті, ал олардың кредиттік портфельдегі үлесі жыл басындағы 8,1%-ға қарағанда 36,2% құрады, ал қалыптастырылған провизиялар мөлшері кредиттік портфельдің 37,9%-ын құрады.

Бұл ретте банк жүйесінің сыртқы міндеттемелерін қайта құрылымдау процесіндегі банктерді қоспағанда біріктірілген несиелік портфельінің сапасын талдау салыстырмалы орташаланған кредиттік тәуекелдері мен олардың экономика салалары бойынша біркелкі бөлінбегенін көрсетеді. Мысалы, банк жүйесінің 2 банкті («БТА Банк» АҚ және «Альянс Банк» АҚ) қоспағанда біріктірілген несиелік портфельінің сапасын қараған кезде жұмыс істемейтін кредиттер мен қалыптастырылған провизиялардың үлесі төмен деңгейде, тиісінше 16,5% және 19,0% болып қалыптасады.

Банк секторының негізгі тәуекелдері Қазақстан Республикасының резидент еместеріне берілген заемдар бойынша кредиттік портфельдің нашарлауына байланысты болады. Мысалы, оффшорлық аймақтарда тіркелген Қазақстан Республикасының резидент еместеріне берілген заемдар бойынша қалыптастырылған провизиялардың үлесі екінші деңгейдегі банктер қалыптастырған провизиялардың жалпы сомасының 14,4% үлесін құрады. 2010 жылы Қазақстан Республикасының резидент еместеріне, атап айтқанда оффшорлық аумақтарда тіркелгендерге берілген кредиттер бойынша банктер шығындарының өсуі күтіледі. Осыны ескере отырып, екінші деңгейдегі банктер несиелік портфель бойынша қалыптастырылған провизиялар 4,7%-ға өседі және олардың жиынтық несиелік портфельдегі үлесі 39%-ті құрайды (ағымдағы мәні 37,2%).

Ағымдағы жағдайда **Қазақстан экономикасының және банк жүйесінің долларландыру деңгейінің жоғары болу проблемасын** шешу де өзекті болып қалуда, бұл перспективада олардың барынша сапалы және ұзақ мерзімді дамуына негіз қалайтын басты шарттардың бірі болып табылады.

Қазақстан банктерінің кредиттік белсенділігі төмен күйінде қалып отыр. Елеулі бәсеңдеудің негізгі себебі негізгі қозғаушы факторлары ағымдағы шығындар мен сақталып отырған ішкі заемшылардың жоғары кредиттік тәуекелдер бағалауы болып табылатын объективті кредиттік консерватизмде жатыр. Дегенмен, жалпы экономиканы және банк жүйесін қолдау бойынша Үкіметтің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Агенттіктің дағдарысқа қарсы шұғыл шараларын іске асыру және девальвация ағымдағы жыл басынан кредиттік портфельдің 6,4%-ға өсуін қамтамасыз етті.

Кредиттік тәуекелдің жоғары деңгейінің сақталуымен бірге **өтімділік пен қайта қаржыландыру тәуекелдері** алаңдатушылық сөйілмейді. Өтімділікті жоғалту тәуекелі банктерде көтерме заемдық капитал нарығынан тартылған елеулі сыртқы қаржыландыру үлесінің болуына байланысты сақталады. Осыған орай, сыртқы міндеттемелер үлесін бұдан әрі жиынтық міндеттемелердің 30%-на дейін төмендету қажет, бұл қазақстандық банктердің клиенттер депозиттері түріндегі тұрақты қаржыландыру көздерінің болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. 2009 жыл басынан бері сыртқы қаржыландыру үлесі 45%-дан 34,9%-ға дейін төмендегеніне қармастан банктердің сыртқы берешегі жоғары деңгейде сақталуда.

Бұл ретте, сыртқы қаржыландыру көлемдерінің төмендеуі балама қаржыландыру көздерімен, әсіресе ішкі қаржыландыру көздерімен алмастырылмайды, бұл тек өтімділік дефициті проблемасын күшейте түседі.

Сақталып келетін девальвацияны күту аясында клиенттер салымдарының құрылымында теңгелік құрамдас бөлігінің төмендеуі кезінде бір мезгілде валюталық салымдардың үлесі өсуін жалғастыруда, бұл банктік жүйенің долларлануы мен Қазақстанның банк жүйесіндегі теңгелік өтімділіктің дефициті проблемаларының шиеленісуін көрсетеді. Мысалы, тартылған салымдардың ішіндегі SPV салымдарын қоспағанда (арнайы бағыттағы еншілес ұйымдардың салымдары) шетел валютасындағы салымдар үлесі 01.12.2009 ж. 50,2%-ды құрады, ал 01.01.2009 ж. үлесі 41,3%-ды құраған еді. Оның үстіне, ағымдағы өтімділік жеткілікті деңгейде сақталып отырғанына қармастан, ГЭП-талдау 1 айда 1 жылға дейінгі қысқа мерзімді перспективада өтімділік дефициті туралы куәландырады. 01.12.2009 жылғы жағдай бойынша 1 айдан бастап 1 жылға дейінгі кумулятивті ГЭП-позиция жалпы банктер бойынша **1 182,5 млрд. теңге** мөлшерінде теріс шаманы құрады.

Сөйтіп, таяу перспективада сыртқы міндеттемелерді қайтарумен байланысты банктік кредиттеу өтімді активтердің жетіспеушілігімен елеулі шектелетін болады. Осындай жағдайда таяу перспективада **қаржыландырудың жаңа көздері** қажет. Бұл тәуекелдердің барынша төмен деңгейімен ұзақ мерзімді ішкі депозиттер, меншікті капиталын ұлғайту болуы тиіс.

Сақтандыру секторы

Елдің қаржы нарығында 42 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, 13 сақтандыру брокері, 63 актуарий жұмыс істейді. Сақтандыру ұйымдарының жиынтық мөлшері жыл басынан 11,0%-ға өсіп, 01.12.2009 ж. 298,3 млрд. теңгені құрады. Тура сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық мөлшері 11 айда 99,9 млрд. теңгені құрады.

2009 жылдың 11 айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы мөлшері 25,3 млрд. теңгені құрады.

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының мөлшері 48,9 млрд. теңгені немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық мөлшерінің 49,0%-ын құрады. Қазақстан Республикасының резидент еместеріне берілген сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 01.12.2009 ж. сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық мөлшерінің 42,4%-ын құрады.

Сақтандыру ұйымдары қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылдаған сақтандыру (қайта сақтандыру) сыйлықақыларының жиынтық сомасы 18,0 млрд. теңгені құрайды. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының резиденттері емесінен алынған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 10,8 млрд. теңгені құрады.

Қазіргі уақытта Қазақстанның сақтандыру секторы экономикадағы ағымды дағдарыс жағдайларына және ғаламдық қаржы дағдарысы ықпалынан қалыптасқан елдің банктік жүйесіне әсер етуде. Дегенмен, сақтандыру секторы дамуының көпшілік көрсеткіштері оң динамикасымен сипатталады, ол сақтандырудың міндетті түрлері бойынша жиналған сыйлықақылардың тұрақты өсуімен, алдыңғы жылдары жинақталған жоғары капиталдандырумен, консервативті инвестициялық саясатпен және қаржы секторының бас сегменттерімен салыстырғанда оның дамуының толығынан төмен агрессивті қарқынына негізделген. Сақтандыру секторының активтері ағымдағы жылдың басынан 11,0%-ға өсіп, 01.12.2009 ж. 298,3¹ млрд. теңгені құрады, сақтандыру секторының меншікті капиталы есептік күні 182,2 млрд. теңгені құрап, осыған ұқсас кезеңде 9,8%-ға өсті. Сақтандыру резервтерінің сомасы есептік күнге 99,7 млрд. теңгені құрады.

Сақтандыру секторы үшін маңызды тәуекел болып сақтандырудың ерікті түрлері бойынша сақтандыру қызметіне төлем қаблеттілігі сұранысы төмендеуі жағдайында сату мөлшерлерінің төмендеуі, сондай-ақ ел экономикасы өсу қарқынының баяулауы қала беруде. Мысалы, банктік кедиттеудің мөлшері елеулі төмендеуі, сәйкес банктік заем операциясымен байланысты тәуекелдерді сақтандыру бойынша сыйақыларды төмендету аясында тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған **сақтандыру сыйлықақылары мөлшерінің жалпы төмендегені** байқалады, ол 01.01.2009 жылғы жағдай бойынша 99,9 млрд. теңгені құрады, бұл 2008 жылғы ұқсас көрсеткіштен 19,8%-ға аз. Оның ішінде міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының мөлшері 28,4 млрд. теңгені (3,3%-ға өсім) құрады, ерікті жеке сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылары 20,0 млрд. теңгені құрады (14,6%-ға өсім), ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 51,6 млрд. теңге (35,3%-ға азаю).

Дағдарыс кезеңіне тән сақтандыру жағдайларының өсуі аясында сақтандыру сыйлықақылары түсімінің мөлшері азаюы осы тәуекелді іске асыруға ықпал ететін болады. Сонымен қатар, сақтандырушылардың бағалардың демпингі,

¹ Активтер сомасы қайта сақтандырушының үлесін ескере отырып, көрсетілген (өзгерістер ҚР ҰБ Басқармасының 2007 жылғы 20 шілдедегі №86 қаулысымен енгізілді)

актуарлық есептердегі қателер арқылы сақтандыру портфелінің мөлшерін өсіруге ұмтылыстары сақтандыру резервтерінің дефициті тәуекелінің күшеюіне ықпал етеді.

Тікелей сақтандыру шарттары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерінің мөлшері 01.12.2009 ж. 25,3 млрд. теңгені құрады, ол алдыңғы жылдың көрсеткішінен 52,9%-ға төмен. Оның ішінде, міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерінің мөлшері 7,1 млрд. теңгені (13,2%-ға азаю), ерікті жеке сақтанды бойынша 7,7 млрд. теңгені (01.12.2008 ж. – 7,4 млрд. теңге) және ерікті мүліктік сақтандыру бойынша 10,5 млрд. теңгені (72,5%-ға азаю) құрады.

Елдің сақтандыру секторы үшін қысқа мерзімді перспективада халық табысының жалпы төмен деңгейі факторымен байланысты **бөлшек сақтандыру нарығының дамымау проблемасы**, сондай-ақ сақтандыру мәдениеті және халықтың сақтандыру сауаттылығы дамуының толық емес деңгейі тән болып отыр. Сондай-ақ, өмірді сақтандыру нарығын дамыту мәселесі өзекті күйінде қалуда.

Сонымен қоса, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын капиталдандыру бойынша талаптарды қатаңдату жөнінде енгізілген өзгерістерге байланысты (атап айтқанда, кепіл қорының барынша төмен мөлшерінің азаюы), сақтандыру (қайта сақтандыру) капиталының дефициті активтерден қайта сақтандыру активтерін алып тастағанда 1,6 млрд. теңге немесе 1%-ға жуыққа жетеді. Сақтандыру ұйымдарының жеткіліксіз капиталдануын назарға алып, инвестициялық саясат болжамды барынша сенімді құралдарды сатып алу жағына бағытталады.

Бағалы қағаздар нарығы

Елдің қаржы нарығында 86 брокер - дилер, 12 тіркеуші, 11 банк-кастодиан, 14 зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды (ЗАИБ) жүзеге асыратын ұйымдар, 54 инвестициялық портфельді басқарушылар, 3 трансферагент жұмыс істейді.

Бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымы

Инфрақұрылымының қажетті деңгейін қамтамасыз ететін Қазақстанның бағалы қағаздар нарығының негізгі институттар «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі - KASE) «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ, сондай-ақ брокер және (немесе) дилерлерді, тіркеушілерді және кастодиан-банктерді қоса алғанда, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары болып табылады. Сонымен қатар, бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті зейнетақы активтерін инвестициялық басқарушылар, ЗАИБ және трансферагенттер жүзеге асыруда.

01.10.2009 ж. бағалы қағаздардың кәсіби қатысушыларының жиынтық активтері ағымдағы жылдың басымен салыстырғанда 64,4% төмендеді және 158,7 млрд. теңгені құрады. Жиынтық міндеттемелер 45,1 млрд. теңгені (84,7%-ға азайды) құрады.

Қор нарығы

Қазақстанда қор нарығы жағдайының негізгі индикаторы KASE–қор биржасы ұсынған ұйымдастырылған нарық болып табылады.

KASE айналысқа жіберілген бағалы қағаздардың негізгі үлес салмағы борыштық бағалы қағаздарға келеді - 58,7% (303 шығарылым). Акциялар мен мемлекеттік бағалы қағаздар секторлар бойынша – тиісінше 18,4% (95 шығарылым) және 22,5% (116 шығарылым). Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарының үлесі 0,2% (1 шығарылым) құрайды. Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының үлесіне 0,2% (1 шығарылым) келеді.

01.10.2009 жылғы жағдай бойынша KASE ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес бағалы қағаздардың жалпы капиталдандыруы ағымдағы жылдың басынан облигациялар бойынша 21,8%-ға, акциялар бойынша – 2 есеге өсіп, 9 578,5 млрд. теңгені құрады.

KASE ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес бағалы қағаздар бойынша нарықты жалпы капиталдандыру 01.10.2009 жылғы жағдай бойынша ағымдағы жылдың басымен салыстырғанда 81,4%-ға өсті.

2009 жылдың басынан мемлекеттік емес бағалы қағаздармен жасалған мәмілелердің мөлшері 3 157,4 млрд.теңгені құрады, оның негізгі үлесі «РЕПО» мәмілелеріне (84,4%) және екінші орналастыруға (15,2%) келеді.

Қысқа мерзімді перспективада бағалы қағаздар нарығында негізгі проблемалардың бірі бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығындағы мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздардың секторында **кредиттік тәуекелдің жоғарғы шоғырлануымен** негізделген. Осы шоғырландырудың себебі сенімсіз эмитенттер және олардың төмен сапалы бағалы қағаздары, оның салдары – купондық сыйақыны және борыштық бағалы қағаздың номиналды құнын өтеу бойынша өзіне алған міндеттемелері.

01.12.2009 ж. KASE ресми деректері бойынша бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында дефолтқа жеткізген эмитенттердің саны 21-ді құрады, олардан бағалы қағаздары қазіргі уақытта KASE тізімінен алып тасталған эмитенттердің саны 10-ды құрады. Бұл ретте, KASE ұсынған есептер бойынша 01.11.2009 жылғы бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қаржы құралдары бойынша эмитенттер орындамаған міндеттемелердің көлемі 30 млрд. теңгені құрады.

Сонымен бірге, инвестициялауға қол жетімді **қаржы құралдарының аз болуы** да қысқа мерзімге ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығына тән проблема болып табылады. Сенімді қаржы құралдарының жеткіліксіздігі бағалы қағаздар нарығының инвесторларына тәуекелдердің, оның ішінде кредиттік тәуекелдердің әртараптандыруын мейілінше толық жүргізуге мүмкіндік бермейді, бұл өз кезегінде осы инвесторлардың активтерінің жай-күйіне жағымсыз әсерін тигізеді.

Бұл ретте, жоғарыда аталған проблемалардың болуы қысқа мерзімді перспективада бағалы қағаздар нарығының барлық қатысушыларының, оның ішінде әлеуметтік маңызды болғандықтан жинақтаушы зейнетақы қорларының тұрақты жұмыс істеуіне қауіп төндіреді.

KASE қор биржасындағы акциялардың және облигациялардың капиталдануы 01.10.2009 ж. 9 574,5² млрд. теңгені құрады, олардың 80,7% акцияларға келеді. Жалпы орналастырылған акциялар мен облигациялардың көлемі 2009 жылғы 3-тоқсанда 1 822,7 млрд. теңгеге немесе 23,5%-ға өскен, оның ішінде акциялар 28,7%-ға, облигациялар -5,7%-ға өсті.

KASE-де мемлекеттік емес акциялармен жасалған мәмілелердің көлемі ағымдағы жылғы 3-тоқсанда 01.10.2009 ж. 165,7 млрд. теңгені құрап 54,0%-ға төмендеген, ал мемлекеттік облигациялармен жасалған мәмілелердің көлемі 51,9%-ға (370,3 млрд. теңгеге дейін) төмендеген, бұл елдің корпоративті секторындағы тұрақсыздықпен түсіндіріледі. Бұл ретте өткен 2008 жылғы осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда мемлекеттік емес акциялармен мәмілелердің көлемі 82,0%-ға төмендеді, ал мемлекеттік емес облигациялармен жасалған мәмілелер көлемі 36,6%-ға төмендеді.

Зейнетақы қызметтерін көрсету секторы

Еліміздің қаржы нарығында 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі - ЖЗҚ), 14 зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым жұмыс істейді.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны ағымдағы жылдың 11 айында 1 879 112 адамға азайып, 01.12.2009 ж. жағдай бойынша 7 734 000 болды, бұл жайт 2009 жылғы 1 шілдеден бастап жинақталған зейнетақы қаражатының автоаударым жүйесінің енгізілуімен шоттарды реттеуге байланысты болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 01.12.2009 ж. 41 499, ал ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша - 4 072 болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 2009 жылғы қаңтар – қараша айларында 403,7 млрд. теңгеге (28,4%) ұлғайып, 01.12.09 ж. 1 824,2 млрд. теңге болды.

Зейнетақы төлемдері және қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 01.12.2009 ж. жағдай бойынша 128,6 млрд. теңге болды немесе ағымдағы жылдың басынан бастап 36,5 млрд. теңгеге (39,6%) ұлғайды.

01.12.2009 жылғы жағдай бойынша зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымының (бұдан әрі – ЗАИБЖАҰ) инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі ағымдағы жылдың басынан бастап 412,0 млрд.теңгеге немесе 29,2%-ға ұлғайып, 1 824,9 млрд. теңге болды.

² Қор нарығы бойынша деректер тоқсандық негізде берілген.

Инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі ағымдағы жылдың басынан бастап 400,4 млрд. теңгеге немесе 29,1%-ға ұлғайып, 01.12.2009 ж. 1 778,8 млрд. теңге болды.

ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары (МБҚ) және мемлекеттік емес бағалы қағаздары 01.12.2009 ж. инвестициялық портфельдегі ең көп үлесті құрайды (77,1%).

Номиналды кіріс коэффициенті 12, 36 және 60 ай кезеңіне есептеледі, ол 01.01.2009 ж. (-0,84; 22,79; 36,61), ал 01.12.2009 ж. тиісінше 12,34; 23,67 және 48,30 болды.

Жалпы экономикалық жағдай, сондай-ақ қаржы реттеушісінің және жинақтаушы зейнетақы қорларының жинақталған зейнетақы қаражатын сақтауды, оның ішінде капиталдандыруға қойылатын талаптарды арттыру, МБҚ-ға инвестициялаудың міндетті лимиттерін енгізу арқылы қамтамасыз ету жөніндегі шараларының жиынтығы жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық саясаты мен стратегиясын портфельде нарықтардың ауытқуларына ең аз ұшырайтын қаржы құралдарын ұлғайтуға қарай түзетуге мүмкіндік берді және ұлттық валютаның девальвациясымен қатар жинақтаушы зейнетақы қорлары дамуының негізгі көрсеткіштерін және рентабельділігінің деңгейін тұрақтандыруды қамтамасыз етті. Мәселен, ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтері 2009 жылдың басынан бастап 29,2%-ға немесе 412,0 млрд. теңгеге ұлғайып, 01.12.2009 ж. жағдай бойынша абсолюттік мәнімен 1 824,9 млрд. теңге болды.

2009 жылғы ақпаннан бастап байқалып отырған ЖЗҚ-ның инвестициялық кірісінің динамикасындағы оң тренд салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кіріс үлесінің жылдың басындағы 21,6%-дан 01.12.2009 ж. жағдай бойынша 26,2%-ға дейін артуына мүмкіндік берді. Бұл ретте «таза» инвестициялық кіріс 01.12.2009 ж. жағдай бойынша абсолюттік мәнімен 477,4 млрд. теңге болды.

Қазіргі уақытта азаматтардың жинақталған зейнетақы қаражатын сақталуын қамтамасыз ету мен еліміздің жинақтаушы зейнетақы жүйесіне сыртқы, сондай-ақ ішкі қаржы нарықтарында болып жатқан жағымсыз процесстердің ықпалын төмендету зейнетақы секторы үшін басым бағыттар болып табылады. Бұл ретте тұрақсыздық және зейнетақы активтерін инвестициялау үшін қол жетімді, **сенімді қаржы құралдарының тапшылығы** жағдайларында ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына салымдардың үлесі жоғары (01.12.2009 ж. - 37,7%) болғандықтан **кредиттік және нарықтық тәуекелдер** қазақстандық зейнетақы қорлары үшін негізгі тәуекелдер болып қала бермек.

Сонымен қатар, сондай-ақ қаржы реттеушісінің және ЖЗҚ-ның өздерінің жиынтық шаралары инвестициялық стратегияны жалпылама түзетуге мүмкіндік берді, бұл жайт ЖЗҚ-ның инвестициялық портфелінде төмен деңгейлі тәуекелі бар қаржы құралдарының үлесінің елеулі түрде артуына алып келді. Мәселен, ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына салымдардың үлесі 01.01.2009 ж. 46,34%-дан 01.12.2009 ж. 37,7%-ға дейін төмендеген болса,

ҚР мемлекеттік бағалы қағаздарына салымдардың үлесі 01.01.2009 ж. 30,85%-ға қарсы 01.12.2009 ж. 39,4% болды, ал екінші деңгейдегі банктердің салымдарына салымдар жасаудың үлесі 01.01.2009 ж. 8,96%-дан 01.12.2009 ж. 5,3%-ға дейін төмендеді.

Сонымен қатар, 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін инвестициялау бойынша қабылданатын тәуекелдермен сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларын капиталдандыру бойынша мейлінше жоғары талаптардың енгізілуіне байланысты өтімді активтердің тапшылығы 2010 жылдың басына қарай 2 млрд. теңгеден астам немесе зейнетақы активтерінің 0,11%-ы болуы мүмкін. Сонымен қатар, инвестициялық кірісті ескермегендегі зейнетақы активтерінің өсімі келесі жылы 247 млрд. теңгеден астам немесе 13,5% болады. Бұл ретте, қорлардың инвестициялық стратегияларының бағыттарын тәуекелді қаржы құралдарынан ең жоғары өтімді қаржы құралдарының жағына қарай өзгерту күтілуде.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі қызметінің стратегиялық бағыттары, дамуының мақсаттары және мақсаттық индикаторлары

Атауы	Өлшем бірлігі (аяқталу нысаны)	Жоспарлы кезеңі				
		2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
1	2	3	4	5	6	7
1-стратегиялық бағыт. Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалаудың тиімділігін институционалдық күшейту мен дамыту арқылы жетекші дүниежүзілік стандарттарға дейін көтеру						
1-мақсат. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігін институционалдық дамыту арқылы реттеу мен қадағалау жүйесін күшейту						
Мақсатты индикатор:						
Кәсіби және білікті қызметкерлерді тарту және тұрақтандыру, яғни кадрлар тұрақсыздығын қызметкерлердің жалпы санының 20%-ының аспайтын деңгейде ұстап тұру		20%	20%	20%	20%	20%
1.1–міндет. Агенттік қызметінің транспаренттігін (айқындылығын), реттеу мен қадағалау саясаты жөніндегі хабардарлығын арттыру						

1	2	3	4	5	6	7
Қаржылық қызмет көрсетулерді тұтынушылардың Агенттіктің жұмыс жоспары және нәтижесі туралы ақпаратқа қол жетімділік деңгейін, оның ішінде электрондық ақпарат құралдарын (Агенттіктің веб-сайты және «электрондық үкімет») пайдалану арқылы көтеру	жылына қатысу саны (мың)	500	600	650	700	750
1.2-міндет. Кадр потенциалын дамыту және еңбектің түпкілікті нәтижесіне бағытталған мотивациялау жүйесін жетілдіру						
1.2.1. Қадағалау органының кадр құрамының кәсіби деңгейін қайта дайындау және қызметкерлер біліктілігін және оның мотивациясын арттыру	МҚА-да оқыту, жылына қызметкерлер %-ы	3,1	3,2	3,3	3,4	3,5
	оқыту курстары, семинарлар бойынша күн адамдар саны	400	410	420	430	440
1.3-міндет. Агенттіктің басқа мемлекеттік органдар мен халықаралық қаржы ұйымдарымен, рейтинг агенттіктерімен өзара іс-қимыл тетігінің тиімділігі арттыру						
1.3.1. Ақпарат берудің жеделдігі мен толықтығын арттыру. Рейтинг агенттіктерімен жұмыс жоспары аясындағы іс-шараларды іске асыру	өзара іс-қимыл бойынша іс-шаралар саны	5	5	5	5	5
1.4-міндет. Агенттіктің имиджін және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша шараларды іске асыру						
1.4.1. Агенттіктің қызметі туралы қоғамның жағымды пікірін қалыптастыру және қолдау, Агенттік қызметкерлерінің беделі мен абыройын арттыру, қаржылық қызмет көрсетулерді тұтынушылардың қаржылық сауаттылығын жетілдіру	«дөңгелек столдар», семинарлар, кеңестер, пресс-конференциялар, БАҚ жарияланымдары	45	45	47	50	50
1.5-міндет. Агенттікте сапа менеджменті жүйесін жетілдіру						

1	2	3	4	5	6	7
1.5.1. Қазіргі менеджменті жүйесін жетілдіру және Агенттік алған сапа менеджменті жүйесінің сәйкес келу сертификатын растау бойынша жұмыстар жүргізу	сертификатты растау (жылына бір рет)	1	1	1	1	1
2-стратегиялық бағыт. Банк секторының қаржылық тұрақтылығы мен бәсекелестік қабілетін арттыру, реттеу мен қадағалау жүйесін жалпы әлемдік қадағалау стандарттарына жақындату						
2.1-мақсат. Дағдарыс жағдайларының алдын алуға ықпал ететін тәуекелдерді бағалауға негізделген, банктердің қаржылық тұрақтылығы мониторингіне негізделген қадағалау процесін жетілдіру						
Мақсатты индикаторлар:						
Төлем мерзімнен 90 күн өткен кредиттерге провизиялардың оңтайлы арақатынасы		0,5-тен кем емес	0,6-тен кем емес	0,6-тен кем емес	0,7-тен кем емес	0,7-тен кем емес
Ішкі активтерге банктердің меншікті және ішкі нарықта тартылған қаражатын орналастыру коэффициенті		1-ден кем емес	1-ден кем емес	1-ден кем емес	1-ден кем емес	1-ден кем емес
2.1.1-міндет. Банк секторындағы тәуекелдерді шектеу						
2.1.1.1. Банк секторында стресс-тестілер өткізу	стресс-тестілер	4	4	4	4	4
2.1.1.2. Екінші деңгейдегі банктерді пруденциалдық реттеуді жетілдіру, оның ішінде өтімділік тәуекелін, кредиттік және нарықтық тәуекелді реттеу, екінші деңгейдегі банктерді капиталдандыруды арттыру	Нормативтік құқықтық акт (бұдан әрі – НҚА)	–	–	1	1	–
2.1.2-міндет. Инспекторлық қызметті жетілдіру						
2.1.2.1. Қадағалау процесінің тиімділігіне бағытталған ішкі рәсімдерді жетілдіру және күшейту, банктердің қызметін бағалау мақсатында банктердің менеджментімен қадағалау органының тікелей, тұрақты өзара іс-әрекеті және стратегиялық басты даму жоспарларын талқылау, күн сайынғы қадағалаудың рәсімдерін күшейту және дамыту, банктерге және олардың еншілес құрылымдарына мобильдік топтармен тексерулер жүргізу	ЕДБ қамтыған тексерулер үлесі, %	20	20	20	25	25

1	2	3	4	5	6	7
мәселелерін қоса алғанда						
2.1.3-міндет. Екінші деңгейдегі банктерде тәуекел-менеджментті жетілдіру						
2.1.3.1. Екінші деңгейдегі банктердегі тәуекелді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру	НҚА	–	1	1	–	–
2.1.4-міндет. Ұлттық банк секторының айқындығын қамтамасыз ету мақсатында шоғырландырылған негізде банктік қадағалауды дамыту және оның әлемдік нарықтарға кіруін тездету						
2.1.4.1. Шоғырландырылған қадағалау, меншік иелерінің құрылымы, аффилирленген тұлғалармен қатынастар бойынша заңнама талаптарын банктердің орындауын қамтамасыз етуге бағытталған банктік қадағалау рәсімдерін жетілдіру	НҚА	1	1	–	–	–
2.1.5-міндет. Қадағалау ақпаратын алмасу үшін шет мемлекеттердің қадағалау органдарымен өзара әрекеттесу						
2.1.5.1. Қаржы ұйымдары Қазақстанда еншілес қаржы ұйымдары бар елдердің реттеуші органдарымен ынтымақтастық пен ақпарат алмасу	Ынтымақтастық жөніндегі іс-шара	8	8	8	9	9
2.1.6-міндет. Бағдарлы қадағалау тәуекелін жетілдіру (risk-based supervision)						
2.1.6.1. Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жүйесін дамыту, тәуекелдерді бағалау негізінде қадағалау әдістерін жетілдіру арқылы (risk-based supervision)	НҚА	–	1	–	1	–
2.1.7-міндет. Қаржы ұйымдарын реттеуде қарсы циклдық принципін енгізу						
2.1.7.1. Қарсы циклдық принцип негізінде банктердің меншікті капитал жеткіліктілігін бағалауға тәсілдерді жетілдіру	НҚА	–	1	1	–	–
2.1.7.2. Қаржыландыру және қайта қаржыландыру тәуекелдерін барынша азайту мақсатында банк міндеттемелерінің құрылымын қайта баланстау жөніндегі шараларды қабылдау, сондай-ақ өтімділікті жоғалту, оның ішінде валюталық тәуекелдерін басқаратын міндеттемелердің құрылымын қалыптастыру	НҚА	–	–	1	1	–

1	2	3	4	5	6	7
2.1.7.3. Кредит тәуекелін бағалау рәсімдерін оңтайландыру және провизиялар мен резервтердің барабар деңгейін құру, динамикалық провизияларды енгізу	НҚА	–	–	1	1	–
2.1.8-міндет. Жаңа өнімдерді және қызмет көрсетулерді енгізу, олардың ерекшелігін ескере отырып, реттеу базасын құру						
2.1.8.1. Исламдық қаржыландыру принциптері бойынша функцияланатын банктерді қадағалау рәсімдерін жетілдіру	НҚА	1	–	1	–	–
2.1.8.2. Инвестициялық банкингті реттеуді оңтайландыру жөніндегі шараларды қабылдау	НҚА	–	1	–	1	–
3-стратегиялық бағыт. Сақтандыру нарығын дамыту және ең үздік халықаралық практика негізінде сақтандыруды қадағалауды жетілдіру						
3-мақсат. Ең үздік халықаралық практика негізінде сақтандыруды қадағалауды жетілдіру, сондай-ақ сақтандыру нарығының инфрақұрылымын одан әрі дамыту						
Мақсатты индикаторлар:						
ЖІӨ сақтандыру сыйлықақыларының үлесі	%	0,3-тен кем емес	0,35-тен кем емес	0,4-тен кем емес	0,4-тен кем емес	0,45-тен кем емес
Жиынтық сақтандыру сыйлықақыларында «өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі	%	8,6-дан кем емес	9,0-ден кем емес	9,4-тен кем емес	9,8-ден кем емес	10,2-ден кем емес
3.1-міндет. Сақтандыру ұйымдары қызметінің айқындылығы деңгейін арттыру (шоғырландырылған қадағалауды жүзеге асыру)						
3.1.1. Сақтандыру ұйымдарын және олар құрған топтарды шоғырландырылған қадағалау жүйесін құру	НҚА	1	–	–	–	–
3.2-міндет. Міндетті сақтандыру жүйесінің тиімділігін арттыру және өмірді сақтандыру нарығын одан әрі дамыту						
3.2.1. Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесін жетілдіру және сақтандыру сыныптарының тартылған шоғырын кеңейту	Заң жобасы	–	–	1	–	–
3.2.2. Міндетті сақтандыру жүйесін жетілдіру, оның ішінде сақтандырудың міндетті түрлерін біріктіру жөніндегі мәселені қарау	Заң жобасы	–	–	1	–	–

1	2	3	4	5	6	7
3.2.3. Сақтандырудың барлық сыныптары бойынша сақтандыру статистикасының негізін құру	Заң жобасы	–	–	1	–	–
3.2.4. Сақтандыру шарттарын (сақтандыру полистерін) Интернет желісі арқылы сату мүмкіндігі	Үкіметке ұсыныстар	–	–	1	–	–
3.2.5. Сақтандыру қызметін тұтынушыларды қорғау мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының мазмұнына және талаптарына қойылатын заңнама талаптарын жетілдіру	Заң жобасы	–	–	–	1	–
3.2.6. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін харықаралық сақтандыру жүйесіне Қазақстанның ену мүмкіндігін пысықтау не тиісті бірігу институттары шеңберінде көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін сақтандыру талаптарын жүйелеу	Үкіметке ұсыныстар	–	1	–	–	–
3.3-міндет. Сақтандыру нарығының инфрақұрылымын дамыту						
3.3.1. Сақтандыру агентінің қызметін жетілдіру	НҚА	1	–	–	–	–
3.3.2. Функционалдық мүмкіндіктері қызметтің бірыңғай стандарттарын белгілеуге кіретін сақтандыру нарығының әр түрлі қатысушыларын біріктіретін кәсіби ұйымдарды құру	НҚА	1	–	–	–	–
3.4-міндет. Халықаралық стандарттар негізінде сақтандыру ұйымдарын пруденциалдық реттеуді одан әрі жетілдіру						
3.4.1. Risk based supervision енгізу жолымен пруденциалдық реттеуді жетілдіру және Solvency II төлем қабілеттілігі жүйесіне ауысу	НҚА	–	1	1	–	–
3.4.2. Отандық сақтандыру ұйымдарының қайта сақтандыру қызметінің тиімділігін арттыру, меншікті ұстап қалудың дифференциалдық лимиттерін енгізу	НҚА	1	–	–	–	–
3.5-міндет. Сақтандыру ұйымдарының тәуекел-менеджмент жүйесін жетілдіру						

1	2	3	4	5	6	7
3.5.1. Сақтандыру ұйымдарының тәуекелдерді басқару жүйесін құру	НҚА	1	–	–	–	–
4-стратегиялық бағыт. Бағалы қағаздар нарығын дамыту						
4-мақсат. Тиімді жұмыс істейтін қор нарығын құру						
Мақсатты индикатор:						
Акциялардың ЖІӨ капиталдандыру	%	46	50	54	59	64
4.1-міндет. Бағалы қағаздар нарығы инфрақұрылымын одан әрі жетілдіру						
4.1.1. Бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімдері жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тіркеушілердің бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етуін жетілдіру	НҚА	1	–	–	–	–
4.1.2. Сауда-саттықты ұйымдастырушының және нарық қажеттілігіне сәйкес ОД кешенді бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етуіне қойылатын талаптарды белгілеу	НҚА	1	1	–	–	–
4.2-міндет. Қор нарығының өтімділігін арттыру						
4.2.1. Нарықта айналыстағы қаржы құралдарына қойылатын талаптарды жетілдіру	НҚА	1	1	1	1	1
4.3-міндет. Инвесторлардың қаржы нарығындағы белсенділігін қамтамасыз ететін тетіктер енгізу және инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету						
4.3.1. Салық салудың оңтайлы схемасын қамтамасыз ету арқылы бағалы қағаздарға және қаржы құралдарына инвестициялардың тартымдылығын, әсіресе жеке инвесторлардың және ұжымдық инвестициялау нысандарына қатысты қолдау	НҚА	1	–	–	–	–
4.3.2. Бағалы қағаздар нарығында ислам қаржы құралдарын дамыту	НҚА	3	1	1	–	–

1	2	3	4	5	6	7
4.3.3. Қаржы құралдарының және оны практикалық қолдану механизмдерінің әділ (нарықтық) құнын анықтау әдістемесін жетілдіру	НҚА	1	1	–	–	–
4.4-міндет. Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру айқындылығын және әділдігін қамтамасыз ету						
4.4.1. Инвестициялаудың ұжымдық нысандары бойынша ақпаратты ашып көрсету бойынша талаптарды одан әрі арттыру және бағалы қағаздар эмитенттері және нарықтың кәсіби қатысушылары ашып көрсететін ақпараттың қол жетімділігіне және сапасына бақылау жүйесін жетілдіру	НҚА	1	1	1	–	–
4.5-міндет. Корпоративтік басқаруды дамыту және жетілдіру						
4.5.1. Акционерлік қоғамдардың лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін күшейту және корпоративтік басқаруды жетілдіру	НҚА	1	–	–	–	–
4.5.2. Бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру	НҚА	1	1	–	–	–
4.7-міндет. Бағалы қағаздар нарығында реттеу сапасын нығайту және арттыру						
4.7.1. Бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушысының пруденциалдық реттеуін жетілдіру	НҚА	4	1	1	1	1
4.7.2. Тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру, сондай-ақ брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметті реттеудегі олқылықтарды анықтау және жою	НҚА	2	1	–	–	–
4.7.3. Инвестициялық басқарудағы активтердің және зейнетақы активтерінің тәуекелдерін бағалау әдістемесін қайта қарау	НҚА	1	–	–	–	–


1	2	3	4	5	6	7
4.7.4. Нарықтың кәсіби қатысушыларының қаржылық жай-күйін және олардың қызметінің сапасын, сондай-ақ қаржы жүйесінің немесе ықпалына бағалы қағаздар нарығы ұшырауы мүмкін экономика секторларының жай-күйін сипаттайтын көрсеткіштердегі жағымсыз өзгерістерге алдын-ала ден қою шараларының жүйесін құруы	НҚА	1	–	–	–	–
4.7.5. Айла-әрекет жасалған мәмілелерді бақылау және жолын кесу жөніндегі жұмыстарды жалғастыру және инсайдерлік ақпаратты пайдалану мен таратуға бақылауды күшейту	НҚА	1	1	–	–	–
4.7.6. Күрделі қаржы құралдарын оның ішінде туынды қаржы құралдарын реттеуді жетілдіру	НҚА	1	1	–	–	–
4.7.7. Бағалы қағаздар нарығының субъектілеріне тәуекел-хабардар қадағалауын енгізу және жетілдіру	НҚА	–	1	1	1	–
5-стратегиялық бағыт. Жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту						
5-мақсат. Зейнетақымен қамтамасыз етуге, жұмысқа қабілетсіздік жасына лайықты кәрілікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының сақталу кепілдігін қамтамасыз етуге азаматтардың конституциялық құқығын іске асыру						
Мақсатты индикатор:						
Жинақталған зейнетақы қаражаты сомасындағы таза инвестициялық кірістің үлесі	%	20	20	20	22	22
5.1- міндет. Зейнетақы қорларының инвестициялық портфельдерінің сапасын қолдау мақсатында салымшыларға арналған зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігі көрсеткіштерінің жүйесін жетілдіру						
5.1.1. Кірістіліктің және инвестициялық портфель тәуекелінің негізінде жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін көрсететін көрсеткіштерді әзірлеу және енгізу	НҚА	1	–	–	–	–

1	2	3	4	5	6	7
5.2-міндет. Активтерді әртараптандырумен ерекшеленетін түрлі зейнетақы жоспарларын енгізуге арналған іс-шаралар кешенін әзірлеу						
5.2.1. Әрбір қалыптасатын инвестициялық портфельге қатысты номиналдық кірістілікті және шартты бірліктің есептеуді, инвестициялық декларацияларды қалыптастыру бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының міндетін белгілеу туралы мәселені қарау	НҚА	2	–	1	–	–
5.2.2. «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық» РМҚК басшылығымен салымшылардың жинақталған зейнетақы қаражатын автоматты ауыстыру жүйесін енгізу арқылы жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының жеке зейнетақы шоттарын реттеу	НҚА	1	–	–	–	–
5.3-міндет. Жинақтаушы зейнетақы қорларындағы және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардағы тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру						
5.3.1. Зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржылық құралдардың құнсыздануына провизияларды құру бойынша бірыңғай методологиялық тәсілді әзірлеу	НҚА	1	–	–	–	–
5.3.2. Жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың салымшыға оның жинақталған зейнетақы қаражатын агрессивті инвестициялық портфельде болу кезеңінде инфляция деңгейін ескере отырып, жарнаның жоғалуын салымшыға өтеу жауапкершілігін анықтау	НҚА	–	1	–	–	–
5.4-міндет. Жинақтаушы зейнетақы қорларының және олардың салымшыларының инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту						
5.4.1. Зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін кеңейту	НҚА	–	1	–	–	–

1	2	3	4	5	6	7
5.5-міндет. Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметі туралы халықтың хабардарлығын одан әрі арттыру						
5.5.1. Салымшылар үшін ақпараттық-түсіндіру кампаниясының зейнетақы активтерін инвестициялаудың инвестициялық стратегияларын енгізу мақсаттары мен міндеттері туралы түсіндіру	БАҚ жариялау	4	4	1	1	1
5.5.2. Әрбір жеке инвестициялық портфельге қатысты зейнетақы активтерінің номиналды кірістілігін есептеу бойынша талаптарды белгілеу	НҚА	1	1	–	–	–
5.6-міндет. Бағалы қағаздар нарығында реттеу сапасын нығайту және арттыру						
5.6.1. Жинақтаушы зейнетақы қорларын тәуекел-бағдарлы қадағалауды әзірлеу және енгізу	НҚА	1	1	1	–	–

4. Функционалдық мүмкіндіктер

Агенттіктің қызметін жетілдіру тиімді қамтамасыз ету мақсатында мынадай ұйымдық құрылым бекітілді:



5. Ықтимал тәуекелдер

Макроэкономикалық орта мен макроэкономикалық саясаттың қаржы ұйымдарының, әсіресе банктердің сенімділігіне сүйеніп екі жақты өзара іс-қимыл жасауынан қазіргі кезде макроэкономикалық орта және макроэкономикалық саясаттың тұрақтылығы проблемасы туып отыр. Қазіргі таңда тек қадағалау процестерінің жеткіліктілігіне ғана көңіл аударып қоймай, пруденциалдық шаралардың тиімділігіне және қаржы жүйесінің тұрақтылығына ықпал ететін макроэкономикалық осалдықтар мен тәуекелдердің бар екендігі туралы пайымдауларды қалыптастыруға ұмтылу қажет. Сондықтан, қадағалаудың жиынтық тиімділігін бағалауда макроэкономикалық ортаның жай-күйіне де назар аударған жөн. Басқаша айтқанда, Агенттік қызметінің стратегиялық бағыттарын іске асыру елде тұрақты макроэкономикалық жағдай орнағанда ғана табысты болмақ. Агенттік өз қызметінің барысында осы Стратегиялық жоспарда көзделген іс-шараларды табысты атқаруға кедергі жасайтын бірқатар тәуекелдердің туындауына тап болуы мүмкін. Тәуекелдің түрі мен туу себебіне байланысты, Агенттік оларды басқару мақсатында стандартты және арнаулы шараларды іске асыратын болады.

Тәуекелдің атауы	Ықтимал салдарлар	Ықтимал ден қою шаралары
1	2	3
Жаһандық және ел ішіндегі тәуекелдер		
Әлемдік қаржы дағдарысының ұзақтығы	Экономиканың және оның сыртқы экономикалық конъюктурасына байланысты шикізат бағытын күшейту	Қаржылық тұрақтылық мәселелері бойынша меморандум, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қарашадағы № 1085 Агенттіктің қаулысымен бекітілген ҚР Үкіметінің, ҚР Ұлттық Банкінің және Агенттіктің экономика және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары шеңберінде ҚР Ұлттық Банкімен, ҚР Үкіметімен үйлестіруді және өзара іс-қимылды күшейту
Әлемдік экономиканың өсу қарқындарының баяулауы	Отандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуі	
Елідегі макроэкономикалық тұрақтылықтың төмендеуі және/немесе ұзақ мерзімге нашарлауы	Ұлттық валюта бағамының құнсыздануы/көтерілуі	
Экспортқа шығарылатын тауарларға бағаның құбылмалығы	Іскерлік белсенділік деңгейінің жалпы бәсеңдеуі	

1	2	3
Жылжымайтын мүлікке, бағалы қағаздарға және инвестициялаудың басқа құралдарына бағаның тұрақсыздығы	Төлем мерзімін 90 күнге кешіктірген кердиттердің өсімі	Қаржы жүйесі тәуекелдерін реттеу және мониторингі
Капиталдың әлемдік нарықтарындағы бағаның құбылмалығы	Кредит портфелінің жылдам өсуі және/немесе депозиттердің төмендеуі	Реттеу және қадағалау саясатын қайта қарау және/немесе жетілдіру
Еңбек нарығындағы ұсыныстардың артуы	Сыйлықақылардың төмендеуі және/немесе ЖІӨ жылдам өсуі. Өмірді сақтандыру бойынша сыйлықақылардың төмендеуі. Нарықтық баға белгілеуінің және нарықта айналатын акциялардың төмендеуі. Зейнетақы қорларының таза инвестициялық кірісінің төмендеуі. Жалпы экономикалық құлдырау. Қаржы ұйымдары клиенттері арасындағы үрей. Өтімділік тапшылығы. Кредиттік тәуекелдің, нарықтық және басқа тәуекелдердің үдеуі. Қаржы жүйесінің жалпы тұрақсыздығы. Кадрлардың тұрақсыздығы	Заңнаманы қайта қарау және/немесе жетілдіру. Кадр әлеуетін ынталандыру жөнінде шаралар қабылдау

6. Секторалық әрекеттесу

Стратегиялық жоспарды іске асыру басқа мемлекеттік органдармен бірлескен іс-шараларды жүзеге асыруды көздемейді.

7. Осы Стратегиялық жоспары мынадай нормативтік құқықтық актілер негізінде әзірленеді

«Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі № 474-ІІ Заңы;

«Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы № 735 Жарлығы;

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1270 Жарлығы;

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 қаңтардағы № 273 Жарлығы;

«Қазақстан Республикасында Мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығы;

«Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 ақпандағы № 1284 қаулысы;

«Нәтижелерге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу жөніндегі тұжырымдама туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы № 1297 қаулысы;

«Қазақстан – 2030. Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы». Ел Президентінің Қазақстан халқына 1997 жылғы 11 қазандағы Жолдауы.
